

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 246 бұйрығы.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 148 бұйрығында:

осы бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

15-тармақта:

84) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"84) паралимпиадалық, сурдлимпиадалық, арнайы олимпиадалық спорт түрлері бойынша тиісті қоғамдық бірлестіктер әзірлейтін, мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда арналған дене шынықтыру-спорт ұйымдарында спорт түрлері бойынша оку-жаттығу процесінің бағдарламаларын бекіту, даярлау кезеңдерінің мазмұны;";

86) және 87) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"86) мүгедектігі бар адамдарды қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, респубикалық спорттық жарыстар өткізууді ұйымдастыру;

87) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдар арасындағы құрама командаларын (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) халықаралық спорттық жарыстарға, оның ішінде Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындарға және Арнайы олимпиадалық ойындарға даярлауын және олардың қатысуын ұйымдастыру;";

2) **күші жойылды – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 27.09.2023 № 385-НК бұйрығымен.**

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 27.09.2023 № 385-НК бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігінің
міндеттін атқарушы*

E. Еркінбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК